

**Астана қаласы бойынша 2007 жылға қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкаларын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 308/40-III Шешімі. Астана қаласының әділет департаментінде 2007 жылғы 16 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 454 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 1 қаңтардағы N 48/8-IV хатымен

***Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 1 қаңтардағы N 48/8-IV хатымен***

---

Астана қаласы әкімдігінің ұсынған материалдарын қарап, Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 462 бабына сәйкес Астана қаласы мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы бойынша 2007 жылға қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 212/28-III "Астана қаласы бойынша 2006 жылға қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкаларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 429 болып тіркелген, "Астана хабары" газетінің 2006 жылғы 18 ақпандағы 23-24-нөмірлерінде, "Вечерняя Астана" газетінің 2006 жылғы 16 ақпандағы 23-нөмірінде жарияланған), Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 212/28-III "Астана қаласы бойынша 2006 жылға қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 7 маусымдағы N 261/32-III (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 443 болып тіркелген, "Вечерняя Астана" газетінің 2006 жылғы 13 шілдедегі 105-нөмірінде "Астана хабары" газетінің 2006 жылғы 15 шілдедегі 112-114-нөмірлерінде жарияланған) шешімдердің күші жойылды деп танылсын.

*А с т а н а                      қ а л а с ы                      м ә с л и х а т ы*

*сессиясының төрайымы*

*А с т а н а                      қ а л а с ы*

*мәслихатының хатшысы*

*КЕЛІСІЛДІ*

**"Табиғи ресурстар және табиғатты  
пайдалануды реттеу басқармасы"**  
ММ басшысы (ТР ж ТПРБ)

Астана қаласы мәслихатының  
2006 жылғы 14 желтоқсандағы

N 308/40-III шешіміне қосымша

**Қоршаған ортаны ластағаны үшін  
Астана қаласы бойынша 2007 жылға арналған төлемдердің  
СТАВКАЛАРЫ**

| N  | Көрсеткіштер  | Өлшем бірлігі        | Уыттылық сыныбы               | Базалық ставкалар                          |
|----|---|----------------------|-------------------------------|--|
| 1. | Тұрақты көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары  | ш а р т т ы<br>тонна |                               | 326  |
| 2. | Жылжымалы көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары:<br>- этилденбеген, этилденген бензин ү ш і н ;<br>- дизель отыны үшін;<br>- сұйытылған газ үшін | тонна                |                               | 2 8 0<br><br>7 3 0<br>404                  |
| 3. | Қоршаған ортаға ластаушы заттардың төгінділері:<br>- тазартқыш ғимараттарынан кейін су көздеріне  | ш а р т т ы<br>тонна |                               | 31839                                      |
| 4. | Өндіріс және тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, рұқсат етілген үйінділерде және арнаулы орындарда орналастыру                                      | тонна                | V<br>I V<br>I I I<br>I I<br>I | 1 2 5<br>2 5 1<br>5 0 3<br>2 0 1 2<br>4023 |
| 5. | Күл және күл үйінділерін орналастыру;   | тонна                | IV                            | 251  |
| 6. | Халыққа қызмет көрсететін жылу көздерінен (жылу электрорталығы, қазандықтар) шығатын күл және күл шлактарын орналастыру   | тонна                | IV                            | 78   |
| 7. | Аршынды жыныстар  | тонна                |                               | 12   |

**А с т а н а                      қ а л а с ы**

**МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАТШЫСЫ**